



# ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

Оқыту мен білім берудің  
байланысы





**Жоспары:**

1. Оқыту мен білім беру бір ұғым ба?
2. Білім беру ғылым ба әлде өнер ме?
3. Оқыту теориясының өзекті мәселелері.
4. Бихевиоризм.
5. Жады және оның түрлері.
6. Оқытуды жүзеге асыру жолдары.

Теориялар мен зерттеу нәтижелерінің негізгі мақсаты – білім беру процесіне үлес қосу. Бір қызығы, тарихқа көз жүгіртсек, оқыту мен білім беру арасында сәйкестік мүлдем жоқ деуге болады. Оның бір себебі – аталған салаларда түрлі көзқарасты ұстанушылардың көптеп қызмет етуі болса керек. Оқыту теоретиктері мен зерттеушілерінің көбі психологтар болды. Бұрынғы зерттеулердің барлығы жан-жануарлар мен жәндіктерге жасалды. Ондай зерттеудің өз артықшылығы болғанымен, білім саласы жайлы нақты ақпарат бере алмайды.

Екінші себеп – білім беру психология сияқты ғылым емес, сонымен бірге өнер деген пікірмен де тығыз байланысты. Хайет атты ғалым: «Мен білім берудің ғылым емес, өнер екеніне сенемін. Алайда білім беруді оқытудан бөліп алуға болмайды» деген еді. Осы орайда, Жүсіпбек Аймауытұлының: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – деген пікірі еске түседі.

Қазіргі кезде зерттеушілер оқыту мен білім беруді білім алушылар мен оларды қоршаған орта: мұғалім, материалдар, орта, т.б. арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Мысалы, оқыту материалдарының бірізділігі білім алушылардың танымы мен есте сақтау қабілетіне ықпал етсе, ал бұлардың әрі қарай қалай дамуы, өз кезегінде, мұғалімдердің кейінгі іс-әрекетіне әсер етеді. Өздерінің үйрету әдістері оқушыларға түсінікті емес екенін сезген мұғалімдер басқа әдіс таңдап алады. Ал егер, оқушы өзіне берген материалды жақсы түсінсе, мұғалім сол әдісті қолдануды әрі қарай жалғастыра береді. Айтып өткеніміздей, оқыту теорияларын белгілі бір білім беру контексіне сай бейімдеп отыру керек.

Дәстүрлі зерттеу әдістері білім беру мен оқытуды қатар қойып зерттеу үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Көптеген зерттеулерде эксперименттік әдістер қолданылады. Зерттеушілер білім беруді оқушылардың дағдысы мен танымдық қабілеттерін дамытуға көмектесетін оқыту ортасы ретінде қабылдай бастады. Олар қазіргі кезде білім беру әрекетін жеке-жеке қарастырғаннан гөрі білім беру әдістерін талдауға көптеп көңіл бөлуде (Зейдель & Шавелсон, 2007). Сондай-ақ мектепте алған білімнің шынайы өмірмен қаншалықты байланысы барын анықтауға арналған зерттеулер де жолға қойылуда (Андерсон, Редер & Симон, 1996).

Зерттеушілер білім алу мен оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан оларды бірге қарастыру қажет деп ойлайды. Оқыту теориясы мен білім беру тәжірибесі бірін-бірі қалай толықтырып отырады. Оқыту теориясы тәжірибені алмастыра алмайды. Тәжірибесіз теория қате түсінікке алып келуі мүмкін, өйткені ол жағдаяттық факторлардың әсерін назардан тыс қалдырады. Дұрыс қолданған жағдайда теория білімге қатысты шешім шығарудың таптырмас тәсілі бола алады. Керісінше, теорияға негізделмеген тәжірибе құр уақыт өткізу болып табылумен қатар, оның зардабы көп.

Теория мен тәжірибе бір-біріне әсер етіп отырады. Көптеген теориялық зерттеулерді білім беру процесінде қолдануға болады. Кооперативті оқыту, өзара үйрену, кейбір жеке оқушыларға дифференциалды білім беру сияқты қазіргі кезде кеңінен қолданылып отырған білім беру тәжірибелерінің оларға қолдау білдіретін мызғымас теориялық және зерттеу негіздері бар. Білім беруге қатысты тәжірибелер де теорияға әсер етеді. Тәжірибелер теориялық болжамдарды дәлелдейді немесе оны қайта қарауға ұсынады. Зерттеулер мен тәжірибелер қайшылықтарды анықтаған жағдайда немесе қосымша факторларды қамту керек болған жағдайда теориялар жетілдіріледі. Кез келген кәсіби маман теорияны, зерттеуді және тәжірибені байланыстыра білуі тиіс. Оқыту қағидалары мен зерттеу нәтижелерін мектепте және мектептен тыс қалай қолдануға болады деп өз-өзімізден сұрағанымыз жөн. Сонымен қатар ашық жүргізілген білім беру тәжірибелеріне сүйене отырып, біз де өз теориялық білімімізді жетілдіру жолын іздестіруіміз керек. Дейл Шунк аталған еңбегінде оқыту теориясының өзекті мәселелері қатарында бихевиоризм, таным теориясы, жады, яғни есте сақтауды жан-жақты қарастырады. Алдымен кейбір ұғым-түсініктерге анықтама бере кетейік.



Бихевиоризм (ағылшын тілінен аударғанда – behavior – әрекет) – XX ғасырдың бірінші жартысында психология саласында пайда болған ерекше сала. Шамамен 50 жыл көрнекті психолог В. Вундт психологияны жеке ғылым ретінде алдыға шығаруды ұсынғаннан соң Джон Уотсон осыған ұқсас ұсыныс айтып, «Психология, как ее видит бихевиорист» деген мақаласын жазды. Джон Уотсонның мақаласынан соң психологияның жаңа бағыты анықтала бастады. Бұл адам жанымен қоса сананы және психикалық әрекетті зерттеуге бағытталған бағыт болатын. Бихевиоризм психологияның ғылым ретінде дамуына жаңа күш берді. Бихевиористер адамның тәні мен жанын бөлек қарастыруға болмайды деді. Бүгінде бихевиоризм психология ғылымдарының көрнекті бір саласы. Аталған бағыттың көрнекті өкілдері Джон Уотсон, Баррес Фредерик Скиннер, Альберт Бандура, т.б. ғалымдардың айтуынша бихевиоризм – адамның іс-әрекетін, өзін-өзі ұстауын зерттейтін сала. Джон Уотсон психология ғылымы адамның әрекетін тудыратын қарапайым, күрделі жайттарды, яғни адам қанша жасынан бастап түрлі инстинктерге ие бола бастайды? Қашан эмоционалды қызмет байқала бастайды? Баладағы білім дағдыларын қаншалықты ерте анықтай аламыз? Қандай ерекше тәсілдерді дамыта аламыз? деген сұрақтарға жауап беру керек деді. (Дж. Уолтон. Психология как наука о поведении // Основные направления психологии в классических трудах. Бихевиоризм. –М: АСТ-ЛТД, 1998).

Бихевиористердің ойынша, «адам» мен «әрекет» деген ұғымдардың арасына теңдік белгісін қою керек дейді. «Адам кім?» деген сұраққа олар «Адам – оның әрекеті» деп жауап берді. Сондай-ақ, адам жанын объективті зерттеу мүмкін емес әрі ол туралы теологтар мен философтар, өнертанушылар айтады. Сол себепті психологияда адам әрекетін қарастыру керек деген пікірде болды. Бихевиористер адам үнемі өзгеріс отырады, мәселен, жаңа туған сәбидің әрекеті бір бөлек, жасөспірімде өзінше, ал егде адамда мүлде бөлек стереотипті әрекеттер болады дейді. Американдық ғалым Джон Уолтон мақаласында былай деп жазады: «Бихевиоризм тұрғысынан психологияның зерттеу объектісі адамның туғаннан қайтыс болғанға дейінгі әрекеті», – деп жазады. Бұл теория оқытуды бақылауға болатын құбылыс ретінде қабылдайды. Бихевиористер оқытуға байланысты болжамдарды ішкі сезіммен (мысалы, ойлар, сенімдер, көңіл күй) байланыстыруға болмайды деп санайды.

Танымдық теориялар білім мен дағдының пайда болуы, менталдық құрылымдардың дамуы және жады жүйесі, ақпараттар мен сенімдерді санада өңдеу сияқты мәселелерге көңіл бөледі. Оқыту – адамдардың айтқаны мен атқарған ісіне негізделетін ішкі менталдық құбылыс. Оның айналысатын негізгі мәселесі – ақпаратты санада өңдеу, яғни сана ақпаратты жасайды, жинақтайды, ұйымдастырады, кодтайды, қайталайды, сақтайды және жаңғыртады. Оқытудың аталған екі концепциясының білім беру тәжірибесінде алатын орны ерекше. Бихевиористік көзқарас бойынша, оқушылар қажетті деңгейде жауап бере алуы үшін мұғалімдер оған жағдай жасауы керек. Ал танымдық теорияда оқытудың мағыналы болуы маңызды және оқушылардың өздеріне, басқаларға және білім беру ортасына деген көзқарастары есепке алынады. Мұғалімдер оқуға қатысты тапсырмалардың оқушылардың ойлау қабілетіне қалай әсер ететінін естен шығармағаны жөн.

Оқыту қалай іске асады? Бихевиоризм және танымдық теорияны жақтаушылар оқушылар мен қоршаған ортаның арасындағы айырмашылық оқыту процесіне әсер ететінімен келіскенімен, осы екі фактордың маңыздылығына келгенде олардың пікірі екіге айырылады. Бихевиоризмді ұстанушылар қоршаған ортаның ғана рөлін зерттейді, Танымдық теориямен салыстырғанда, олар оқушылардың ерекшеліктеріне аса мән бермейді. Оқушыға қатысты бихевиористік теория сүйенетін екі фактор бар. Қандай да бір іс-әрекеттің қозғаушы күші (жеке адамның қандай да бір әрекетті жасауға мәжбүр болу деңгейі) және даму жағдайы (адамның қазіргі даму деңгейінде істей алатын әрекеттері). Олай болса, танымдық кемшіліктер күрделі дағдыларды игеруге кедергі болса, физикалық кемшіліктер қозғалысқа енуге бөгет болады.

Танымдық теория жағдаят пен қоршаған ортаның оқытуға тигізетін әсеріне ерекше мән береді. Білім беру мақсатында оқушыларға түсіндіру және үйрету – тәжірибе мен кері байланыстың көмегімен білімін жетілдіргісі келетін оқушыларға қоршаған ортаның қолдауы деп түсінеміз. Бұл көзқарасты жақтаушылар білім беру факторы оқушылардың білім алу процесін толық түсіндіре алмайды деп ойлайды. Қалай болғанда да, студенттерге білім не үшін қажет, олар білімге қалай қол жеткізеді, оны қалай қайталап, кодтайды, сақтайды немесе еске түсіреді деген мәселелер аса маңызды. Оқушылардың білімді өңдеу тәсілдері олардың



қашан және қалай білім алатынын, сондай-ақ оқыту кезінде нені қолданатынын анықтайды. Танымдық теория оқушылардың ойы, сенімі, көзқарасы және құндылықтарының рөліне аса мән береді. Өздерінің білім алу қабілетіне күмәнданатын оқушылар тапсырмаға бар ынта-жігерін жұмсамауы немесе көңіл бөлмеуі мүмкін, ал бұл, өз кезегінде, оқуға кедергі келтіреді. Оқушылардың «оның қажеті қанша?», «мен дұрыс жасап жатырмын ба?» сияқты ойлары оқуға әсер етеді, сондықтан оқу жоспарын қайта қарастыру қажет.

Жады/Ес деген не? Оның қызметі қандай? Алдымен жады деген не? Соған тоқталып алайық.

XIX ғасырдың аяғында бір американдық психолог есте сақтаудың ерекшеліктерін анықтауға арналған зерттеулер топтамасын жүргізеді. Осы мақсатта ол түрлі лабиринттер құрастырып, оған егеуқұйрықты жібереді. Егер егеуқұйрық лабиринттен шығар жолды тапса, оған дәмді тамақтар береді. Ал егер ол дұрыс таба алмаса оны әлсіз тоқ қуатымен ұрады. егеуқұйрық лабиринттің шығу жолын дұрыс тапқаннан кейін де оны қайтадан сонда жіберіп, қайтдан жолды таптыртады. Егеуқұйрықтың барған сайын жолды оңай табатыны байқалаған американдық психолог Э. Торндайк осының нәтижесінде «Қайталау – оқу анасы» деген қорытындыға келеді. Бұл тәжірибенің егеуқұйрықтарға жасалғаны ұмытылып, біраз уақыт бойы бұл тәсіл оқыту әрекетінде тиімді пайдаланып келеді. «Жадының, яғни есте сақтаудың психологиялық мазмұнын бірнеше аспектіде қарастыруға болады, – дейді Е. Кравцова. (Е.Е. Кравцова Педагогика и психология. – Москва, 2012 г.). Жады – бұл ақпараттарды айқындап алу, осы ақпараттарды сақтау, субъекте сақталған сол ақпараттарды қайта шығару.

Жадының есте сақтау қабілетіне қарай механикалық және логикалық деген екі түрге бөлуге болады. Механикалық жады қысқа мерзімді болуымен ерекшеленеді. Адам оны қаншалықты тез есінде сақтаса, соғұрлым тез есінен шығарады. Алайда осы ерекшелігіне қарап механикалық жадыны кемшілігін ғана айтуға болмайды. Механикалық жады негізінде қалыптасқан моторлы (моторные навыки) дағдылардың уақыт өте келе пайдасы тиіп жататынын бәріміз білеміз. Мәселен, сіз бала кезіңізде велосипед теуіп немесе жүзіп үйренген болсаңыз, кейін онымен айналыспасаңыз да, қажет кезінде оны жасай аласыз. Әрине, үйренген кездегідей сенімді болмауыңыз мүмкін, алайда сіздің моторлы жадыңыз сізге көмекке келеді. Сондай-ақ, жадының көру арқылы есте сақтау, есту арқылы есте сақтау, иіс арқылы есте сақтау секілді түрлері бар.

Кейбір жағдайда адамның механикалық есте сақтауынан ештеңе қалмаған сияқты көрінеді. Алайда гипноз қолдану сияқты айрықша жағдайларда ақпараттың адам есінде сақталып қана қоймай, оның өмірінде қандай да бір рөл атқаратындығын да көреміз. Қандай да бір ақпаратты қайталап оқу барысында адамның «ақылды бола түскендігін» байқаймыз, шын мәнінде бұл механикалық есте сақтаудың нәтижесі.

Жадының келесі түрі логикалық немесе вербалды-логикалық деп аталады. Механикалық жадынан мұның айырмашылығы адамның есте сақтауы үшін ерекше механизмдер мен құралдарды пайдалануында. Логикалық жады есте сақтау барысында логиканы қосуды талап етеді. Л.С. Выготский өзінің жады психологиясына қатысты дәрістерін мынадай тәжірибе жасаудан бастапты. Ол қатысушылардан әртүрлі 400 сөз атауларын сұрайды. Айтылған сөздердің бәрін ретімен тақтаға жазады. Аздаған уақыт жазылған сөздерге қарап алады да, әрі қарай қандай сөздер жазылғандығын рет санымен тұп-тура айтып береді. Мәселен, 329 нөмірде қандай сөз жазылған, бірінші қатарда қандай сөз жазылған, үшінші бағанда қандай сөз жазылған, т.б. Ол бұл сөздерді қалай есінде сақтағаны туралы былай деп түсіндіреді. Мысалы, 289 – нөмірде оның ойында белгілі ғалымның фамилиясы сақтайды, ал қатысушылар бұл нөмірге жол деген сөзді айтқан еді. Сонда Выготский жадына ғалым көшемен кетіп барады деген логикалық тізбек ретінде сақтаған. Логикалық жады қысқа не ұзақ мерзімді талап етпейді, оның шарты адамның есте сақтау керек деген материалды түсінуі. Егер адамның есте сақтағысы келетін сөзі өзге тілде болса немесе ол сөздің мағынасын түсінбесе, логикалық жадыны қолдану мүмкін болмайды.

Бұл мәліметтер оқытуды ұйымдастырушылар үшін аса қажет. Көп жағдайда оқушылар өздерінің не оқып жатқандарын түсінбейді. Ол материалдар оның қабылдауына сай болмауы мүмкін немесе ол материалды өткенде оқушының түсінбей қалуы мүмкін. Сол себепті білім алушы оны не үшін есте сақтау керектігін түсінбейді. Осы кезде ол логикалық емес, механикалық жадыны іске қосады.



Логикалық жадыны мектеп кезінен қолдануға болады, яғни оны жүзеге асыру үшін адам негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алуы керек. Достар, сіздердің біразыңызға мына бір жайт таныс болар. Емтихан кезінде жауап бере алмаған сұрақтардың жауабы аудиториядан шыға бере есіңізге түседі. Сіз кенеттен оқытушыны қызықтырған, алайда сіз жауап бере алмаған сұраққа жауап табасыз. Демек, көп адамның басты проблемасы есте сақтауында емес, ойында бар нәрсені қайта өңдей алуында (воспроизведение). Ақпаратты қайта өңдеп шығара алудың мынадай түрлері бар: танып-білу, өзіндік өңдеу, еске түсіру. Бұлар бір-бірімен байланысты. Мәселен, сіздің бір нәрсені қайта жасауыңыз үшін оны еске түсіруіңіз керек болады. Ақпаратты өңдеу, еске түсіруге қатысты Е. Кравцова Чеховтың әңгімесінен мысал келтіре отырып, жақсы түсіндіреді. Қысқаша мазмұны мынадай: Әкесі нота сатып әкеп беріңізші деген сүйікті қызының өтінішін орындамақ болып қалаға келеді. Нота сататын дүкенге кірген әкесі қызы сұраған музыкалық шығарманың атын, композиторын бәрін ұмытып қалады. Тіпті ыңылдап та айтып бере алмайды. Еңсесі түсіп, мұңайған ер адам дүкеннен шығып, жол бойы қалай оның үйіндегілердің қуана қарсы алатындығын, қызының алдынан жүгіріп шығатынын ойлайды. Қызының нотаны күтіп жүргенін, әкесінің оны әкелмегендігін естіп, бөлмесіне кетіп қалатынын, есікті жауып алып, қалай музыка ойнайтындығын елестетеді. Сол кезде кейіпкер қызынан талай рет естіген әуенді есіне түсіріп, дүкенге қайтып барып, қажет нотаны сатып алады.

Кейіпкер шығарманы, композиторды да есіне түсіре алмаған кезде ол (воспроизведение) қайта қалпына келтіру әрекетіне көшті, яғни ол жағдайды ойша елестете бастады. Бұл процесте эмоция да маңызды рөл атқарады. Жоғарыдағы оқиғада кейіпкер нотаны сатып алмаса, қызының ренжитіндігін түсінді. Демек, адам алдымен есіне түсіреді, сонан соң қайта шығара алады.

Ұмыту көп жағдайда жадыға кедергі келтіретін процесс ретінде қарастырылады. Бір нәрсені жасарда адамдар көбінесе ұмытып қалдым дегенді айтады. Алайда кейде ұмытудың да маңызы бар. Мәселен, белгілі-белгісіз себептермен миында өте көп ақпарат сақтағысы келетін адамдар жаңа бір нәрселерді есте сақтауға қиналады. Осылайша ұмыту есте сақтауға оң да, теріс те әсерін тигізе алады. ХХ ғасырдың белгілі психологы А.Р. Лурия 1970 жылы «Маленькая книга о большой памяти» деген кітап жазады. Сол еңбекте ол өзгеше жады бар Шершевский деген адам туралы жазады. Ол кез келген ақпаратты, мейлі ол мағынасыз сөздер, тіркестер болсын, кез келген мөлшерде есінде сақтай алатын болады. Ол үнемі «иә, есімде. Ол мына күн болатын, ауа райы нашар еді, сіз көк костюмде болатынсыз...» деген секілді сөздермен неше жыл бұрынғы оқиғаларды дәлме-дәл сипаттап беретін. Оның басты проблемасы сол – оның жады ешнәрсені ұмыта алмайтын. Бұл түрлі күлкілі, күлкілі емес те оқиғаларға әкелетін. Ол шынайы оқиғалар мен бір кезде болып кеткен оқиғаларды, өмірдегі адамдар мен кітаптан оқыған кейіпкерлерді шатастыратын. Әрине, Шершевский сирек кездесетін феномен. Алайда мұнан шығатын қорытынды жадығы ұмытып отыру тән. Миы қалыпты жұмыс жасайтын адамның жады уақыт өткен сайын ұлғайады, ал ондағы ақпараттар ақырындап ұмытыла бастайды. Демек, Жады/Ес – адамға тән керемет құбылыстардың бірі. Ықылым заманнан адамдар өз өмірлерінің кейбір сәттерін таңбалап, өзгелерден алған ақпараттарын да сақтап, қажет кезінде сана түкпірінен суырып ала алатындықтарын білген.

Жадының төмендегідей түрлері бар: генетикалық, өмір сүрген кездегі, импринтинг.

Генетикалық жады – ағзаның анатомиялық, физиологиялық құрылысы мен инстинкттердің жады. Бұл ақпараттар ДНК молекулаларында сақталады. Бұл өте берік жады.

Өмірлік жады – адамның танымдық психикалық процестер (сезім, қабылдау, назар, ойлау, елестету, сөйлеу) арқылы қоршаған ортадан алатын, туылған сәттен бастап, қайтыс болғанға дейінгі аралықтығы жады.

Импринтинг – (запечатление) адам баласы мен құстар, сүтқоректілердің балаларына тән жады. Бұл жады азғана мерзімге яғни құстарға туған соң бірнеше сағатқа, сүтқоректілердің баласына бірнеше аптаға, адамға жарты жыл көлемінде берілетін мерзім. Жады туралы көптеген пікірлер бар. Соның бірі П.П. Блонский жадының мынадай түрлерін көрсетеді:

- моторлы жады;
- аффекті жады;
- образды жады;
- логикалық жады.



Кітап: Оқыту теориясы

Дәріс: 4. Оқыту мен білім берудің байланысы

Қорыта айтқанда, бихевиоризм XX ғасырдың бірінші жартысындағы оқыту психологиясында басты бағыт ретінде орын алды. Бұл теориялар оқытуды қоршаған ортада болып жатқан оқиғалар көзқарасы тұрғысынан түсіндіреді. Оқыту теориясы мен білім беру тәжірибесін әдетте жеке-дара қарастырады, алайда іс жүзінде олар бірін-бірі толықтырып отырады. Олардың қай-қайсысы да білім беру мен оқыту сапасын өздігінен арттыра алмайды. Теорияның бір өзі жағдаяттық факторлардың маңызын жан-жақты ашып көрсете алмайды. Теорияға сүйенбеген тәжірибе де білім беру мен оқытудың негізі бола алмайды.